

DOI 10.54596/2958-0048-2023-1-87-93

ӘОЖ 621

ҒТАМА 55.01

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Жаналинов Б.Н.^{1*}, Асанова Г.Д.², Асанова Т.Д.³

^{1*,2}КЕАҚ «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті», Қостанай,
Қазақстан Республикасы

³Қостанай автомобиль көлігі колледжі, Қостанай, Қазақстан Республикасы

*E-mail: zhanalin40@mail.ru

Андатпа

Мақалада Қостанай облысындағы машина жасау саласының дамуын негізге ала отырып Қазақстандағы машина жасаудың дамуына, нормативтік –құқықтық базасына, импортты алмастыру жұмыстарына талдау жүргізілген. Заңды түрде бекітілген Қазақстандағы импортты алмастыру бағдарламаларына, тұжырымдамаларға, жоспарларға, Қостанайда ашылған индустриалдық аймақта құрылған кәсіпорындардың қызметіне, шығарылатын өнімдері талданған. Машина жасау мультипликациялық әсерімен экономиканың басқа негізгі салаларын дамытуға әсерін тигізеді – энергетика, тау – кен металлургиясы және ауылшаруашылық өндіріс кешендері, құрылыс және көлік салаларын. Қостанай облысындағы машина жасау саласын, нормативтік - құқықтық құжаттарды, индустриализациялау, импортты алмастыруды жұмыстарын қортындылай отырып талдау жүргізілген. Машина жасау өндірісі Қазақстандағы базалық негізгі жүйе құрастырушы, экономикаға инвестиция тартушы және пайдаға асырушы салаға айналды, халықтың әл – ауқатының сапасын жоғарылатады.

Түйінді сөздер: машина жасау, индустриалды аймақ, экономиканың жетекшісі, индустриалдық бағдарлама, импорт алмастырушы, локализациялау үрдісі, өңіраралық қатынас.

РАЗВИТИЕ МАШИНОСТРОЕНИЯ КАЗАХСТАНА

Жаналинов Б.Н.^{1*}, Асанова Г.Д.², Асанова Т.Д.³

^{1*,2}НАО «Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынова»,
Костанай, Республика Казахстан

³Костанайский колледж автомобильного транспорта, Костанай,
Республика Казахстан

*E-mail: zhanalin40@mail.ru

Аннотация

В работе проведен анализ развития машиностроительной отрасли Казахстана, деятельности предприятий. Нормативно – правовая база создания индустриальных зон, обзор законодательно утвержденных программ, концепций и планов развития открытых в индустриальной зоне машиностроительных предприятий, происходящие в них сложные локализационные процессы. Рассмотрены предстоящие задачи привлечения инвестиций с упором на развитие конкурентоспособных экспортных производств, анализ с акцентом на импортозамещение. Машиностроение, путем мультипликативного эффекта содействует развитию других ключевых отраслей экономики – энергетического, горно-металлургического и агропромышленного комплексов, строительной и транспортной отраслей. Анализ машиностроительной отрасли Казахстана на примере развития машиностроения в Костанайской области, анализа нормативно – правовых документов, рассмотрения итогов индустриализации, импортозамещения. Машиностроение является базовой системообразующей отраслью промышленности, крупнейшим потребителем и источником инвестиций в экономике, способствует росту качества жизни населения

Ключевые слова: машиностроение, индустриальные зона, драйвер экономики, программа индустриализации, импортозамещение, локализационный процесс, межрегиональное сотрудничество.

DEVELOPMENT OF ENGINEERING IN KAZAKHSTAN

Zhanalinov B.N.^{1*}, Assanova G.D.², Assanova T.D.³

^{1*,2}*NAO Kostanay regional university named after A. Baitursynov, Kostanay,
Republic of Kazakhstan*

³*Kostanay College of Automobile Transport, Kostanay, Republic of Kazakhstan*

**E-mail: zhanalin40@mail.ru*

Abstract

The paper analyzes the development of the mechanical engineering industry of Kazakhstan, the activities of enterprises. The regulatory framework for the creation of industrial zones, a review of legislatively approved programs, concepts and plans for the development of machine-building enterprises opened in the industrial zone, complex localization processes taking place in them. The upcoming tasks of attracting investments with an emphasis on the development of competitive export industries, analysis with an emphasis on import substitution are considered. Mechanical engineering, through a multiplicative effect, contributes to the development of other key sectors of the economy – energy, mining and metallurgical industry, agro-industrial complexes, construction and transportation industries. Analysis of the mechanical engineering industry of Kazakhstan on the example of the development of mechanical engineering in the Kostanay region, analysis of regulatory documents, consideration of the results of industrialization, import substitution. Mechanical engineering is the basic system-forming branch of industry, the largest consumer and source of investment in the economy, which contributes to the growth of the quality of life of the population.

Keywords: mechanical engineering, industrial zone, economic driver, industrialization program, import substitution, localization process, interregional cooperation.

Кіріспе

Машина жасау өндірісі қазіргі Қазақстанда орта және шағын кәсіпкерлікті дамытушы, экономикаға инвестиция түсіріп, өндірісті әртараптандырып, импорт алмастырушы салаға айналды. Сонымен қатар, мультипликациялық әсерімен өнеркәсіптің барлық салаларын дамытуға зор ықпалын тигізеді (мысалы: сервис, сату, логистика, сақтандыру, маркетинг, т.с.с.), жоғарғы сапалы қызметтерге сұраныс туғызады. Өндірісте жоғарғы инновациялық жобаларды дамытып, шығарылатын өнімнің күрделілігін арттырады, экспорттық табысты, бюджет түсімдерін арттырып, халықтың әл – ауқатын жақсартады. Әлемдік тәжірибеде машина жасау өндірісі экономиканың технологиялық жағынан негізгі жетекшісі, алға жүргізушісі (драйвері). Мысалы, машина жасау өндірісінде бір жұмыс орнын ашу, басқа салаларда 5-6 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді [1].

Сондықтан Қазақстанның индустриалды – инновациялық бағдарламасында машина жасау саласы негізгі басты бағыт болып отыр. Қазақстанда 2017 ж. ЖІӨ құрамында, соның ішінде машина жөндеу және машина жабдықтарын құрастыру жұмыстарын қоса есептегенде, машина жасау өндірісінің өнімі тек 0.9% болатын болса [2], 2021 ж. 8 айында өндірістің көлемі 23,9% құрады [3].

Материалдар және әдістер

Тәжірибе көрсеткендей, машина жасау өндірісінде локализациялық үрдіс жоғары деңгейде болуы ең басты талап. «Локализация» деп, шығарылған өнімнің (автомобиль немесе басқа техника) бөлшектерін машина толығымен құрастырылып шығарылатын елде жасалуы. Локализация үрдісі - ұзақ жүргізілетін және көп еңбекті талап ететін жұмыс (машинаны жай ғана бұрандалы құрастыру үрдісі емес). Отандық кәсіпорын локализацияға өзін жан – жақты терең дайындау қажет.

Ол үшін «брендұстаушымен» (шет елдегі машина жасаушы компаниясымен) күрделі де және ұзақ келіссөздер жүргізіледі (компанияның конструкторлық бөлімімен, тасымалдаушылармен, т.б. жауапты басқару бөлімдерімен). Ал отандық кәсіпорын олардың (шет ел компаниясының) талаптарына сай өзінің технологиясын, мамандарын, шикізатын, т.б. дайындайды. Аталған келіссөздерсіз, дайындықсыз, ешқандай шет ел «брендұстаушысы» өз атынан машина шығаруға келісімін бермейді, абыройын сақтап қалу үшін тәуекелге бармайды.

Тәжірибе көрсеткендей локализациялау үрдісі тек үшінші – төртінші жылдардан бастап қана, негізгі қондырғыларды орнату және басқа күрделі технологиялық құрастыру операциялары жүргізіле бастайды. Бесінші – алтыншы жылдары машинаның қозғалтқышын құрастыру, (бұрын қозғалтқыш дайын күйінде орнатылатын) және корпусының бөлшектерін дайындау басталады. Жетінші жылы машинаның кабинасын шығарылады. Жалпы локализациялық үрдіс 5-7 жылға созылады. Әрине бұл тым ұзаққа созылатын үрдіс, сондықтан оны қысқарту отандық кәсіпорындардың басты мақсаты болуға тиіс.

Жалпы индустриализациялау жылдары (2010-2019 жж.) Қазақстанда машина жасау саласында көптеген жаңа техникалық өнімдер шығарыла бастады: жолаушылар және жүк вагондары, локомотивтер, трансформаторлар, кабель және өткізгіш сым өнімдері, тау – кен өндірісі машиналарының қосалқы бөлшектері, т.б. Тіпті 2020 дағдарыс жылының қортындысы бойынша (пандемияға байланысты) машина жасау өндірісінің өнімі **1,8 трлн тенге болды, ИФО (физикалық көлем индексі) - 16,3%** [4].

Қарқынды жүргізілген индустриалды - инновациялық бағдарлама экономикаға сапалы өнім, жоғарғы көлемде қосымша құн салығын түсіреді, ұлттық экономикаға тұрақтылық береді, бюджетке салық түсірімдерін көбейтеді.

Сол себептен ағымдағы бесжылдықта қайта өңдеу өнеркәсібінде бірнеше болашағы жоғары жобалар жоспарланған, соның ішінде Қостанайдағы жоғарғы технологиялық екі инвестициялық жоба іске асырылуда: шойын құю зауыты және жүк көліктерінің басты басқарушы жетекші мостарын дайындайтын зауыт.

Нәтижелер және талқылау

2023 жылы шойын құю зауыты, ал 2024 ж. басты басқарушы жетекші мостар дайындайтын зауыт іске қосылады. Екі жоба да ЖШС «KamLitKZ» (Қостанай қ.) компаниясының бастауымен және қолдауымен жүргізіліп отыр. Сонымен қатар, Қазақстанда локализацияны тереңдету мақсатында (70% дейін) басты басқарушы жетекші мостарды дайындайтын үшінші жобаны іске асыру жоспарлануда [5].

Соңғы 5 жылда экономиканы жаңартуға арналған индустриалды – инновациялық негізгі басқарушы бағдарламалар қабылданды: «Қазақстан-2050» стратегиясы; «Ұлттық экспорттық стратегия»; «Өнеркәсіптік саясат туралы» ҚР заңы; «2019-2024 жж. арналған машина жасау жол картасы». Аталған құжаттар машина жасау саласының орта мерзімдегі даму стратегиясын сипаттайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда машина жасау саласында 65 ірі, 100 орта көлемдегі және 2745 кіші кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Солардың ішінде: АҚ «СарыаркаАвтоПром» (Қостанай қ.), АҚ «Азия Авто» (Өскемен қ.), АҚ «ЕПК Степногорск» (Степногорск қ.), ЖШС «КайнарАКБ» (Талдықорған қ.), АҚ «Кентау трансформатор зауыты» (Кентау қ.), АҚ «Агромашхолдинг KZ» (Қостанай қ.), АҚ «Атыраумұнаймаш» (Атырау қ.), АҚ «АЗТМ» (Алматы қ.) және АҚ «ПЗТМ» (Петропавл қ.).

Басты мақсат экспортқа бейім, бәсекеге қабілеті жоғары инвестиция тарту. Тек қана 2022 жылы Қазақстанда 700-ге жуық инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда, солардың ішінде 286 негізгі импорталмастырушы және жаңа өнімді экспорттау жобалары [6]. Импорттың үлесі жоғары болғандықтан, машина жасау саласындағы негізгі өндірістерді дамытудың маңызы зор. Мысалы, сатып импорттың шамасы \$13 млрд. құрайды, ал отандық импорт алмастыру өнімі \$3 млрд. шамасында. Импорт негізінен Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Италия, және Германиядан әкелінеді, отандық өнімнің үлесі 20% аспайды.

Қосымша айта кету керек, Қазақстанның басқа дамыған елдермен салыстырғанда ерекшелігі өндіріс көрсеткіштерінің (факторларының) бағасы әлдеқайда төмен. Мысалы, 1 квт/сағ. электр энергиясының құны 0,07 \$ тең. Бұл Қытай және Турцияға қарағанда 36% төмен, ал газдың бағасы Қытаймен салыстырғанда 2,4 есе төмен. Сонымен қатар Қазақстанда білікті мамандар мен жұмыс күші жеткілікті. Айтылған факторлар дамыған елдермен салыстырғанда еңбек нарығының тиімді болуын қамтамасыз етеді (сағатына 4 \$) [7].

Импортты алмастыру деңгейін төмендетудегі дамыған елдердің тәжірибесін негізге ала отырып, Қазақстанда келесідей үш бағыт қабылданған:

1) импорт алмастыру дайындығы жоғары өндірістерді шикізатпен, қаражатпен, білікті мамандармен, ұзақ мерзімді келісім –шарттармен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу;

2) импортты алмастыруға дайындығы орта деңгейдегі, сонымен қатар өндірісті жүргізуге біліктілігі жететін мамандары бар және өнімді шығаруға дайын инвесторлар бар кәсіпорындармен жұмыс істеу;

3) импортты алмастырушылыққа дайындығы төмен тауарлар. Негізінен бұлар жоғарғы технологиялық тауарлар, бірақ оларды шығаруға болашақта жағдай жасау қажет.

Импортты алмастырудың негізгі бағыттары Қазақстан мен Ресейдің бірлескен өндірістік - кооперациялық бағдарламасында да көрсетілген. Бағдарламада Ресейдің бірқатар ірі компаниялармен ПАҚ (ПАО) «Камаз», АҚ «Петербург трактор зауыты», Минск трактор зауыты (МТЗ) бірлескен кооперациялық жобалар құру қарастырылған.

ҚР мемлекет басшысы 30 қыркүйекте XVII Қазақстан мен Ресей арасындағы өңірлік Форумна қатысып Бағдарламаның орындалу барысына жоғары баға берді және Ресей мамандарын жаңа жобаларды жүзеге асыруға шақырды. Қазіргі уақытта Қазақстанда 3 жоба жүзеге асырылуда: «Кировец» маркалы трактор жинау зауыты (Қостанай «Агромашхолдинг» компаниясы негізінде), Алматыда «Hyundai» маркалы автомобильдер зауыты және Қостанайда ГАЗ маркалы көлік техникасын жинақтауға ірі қосалқы бөлшектер дайындау жобасы.

«Hyundai Trans Kazakhstan» зауыты 2020 ж. 15 қазанда жұмыс істей бастады. Сонымен қатар, Қытай кәсіпкерлерімен бірлесіп Сарань қаласында (Қарағанды обл.) автомобиль шиналарын және қозғалтқыштар шығаратын зауыт жобалануда. Бұл болашақта автокомпонент (күрделі құрастыру бөлшегі) базасын дамуына жол ашады.

Машина жасау саласында ең қарқынды дамып келе жатқан құрылым автомобильдер шығару өндірісі. Соңғы екі бес жылдықта автомобиль шығару Қазақстанның машина жасау саласының ең қарқынды үдеп келе жатқан жетекшісіне (драйверіне) айналды. Қазақстанда автокөліктердің барлық санаттары шығарылуы ұйымдастырылған.

Қазір Қазақстанда машина құрастыруда ірі бөлшектерді (кабина, күзов, қозғалтқыш сияқты) жинаудан шығып (DKD), кіші түйінді (узловые) бөлшектерді құрастыруға көшті (СКД). Яғни, мысалы «кабинаны» Қазақстан - Қазір Қазақстанда 167 автомобиль модельдері құрастырылады, соның ішінде 39 жеңіл автомашиналар, 22 әлемдік «брендтер» бар. Мысалы, автомобиль кузовтарын пісіру және бояу операциялары Қазақстанда жүргізіледі.

Әлемдік машина жасау саласындағы даму бағытын еске ала отырып, аймақтың экономикасын дамыту үшін Қостанайда 2017 ж. индустриалдық аймақ құрылды (ауданы 400 га). Индустриалды аймақ құру туралы ойлар Қазақстанда ертеректе (он жылдай бұрын) қозғалған болатын. Бірақ әлемдегі экономикалық дағдарыс бұған өзінің кедергісін тигізді. Жалпы бұл идея АҚШ, Ұлы Британия елдерінен Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін басталып бүкіл әлемге таралған. Әсіресе Малайзия елінің аз уақыт ішінде компьютер компоненттерін шығарушы және экспорттаушы әлемдік үштіктің қатарына енуі себеп болды.

Индустриалдық аймақ құру Қазақстан өңірлерінде (Астана, Қарағанды аймақтары) де басталып кетті. Бірақ бастапқы кезде инвесторлар тартылып құрылған жаңа нысандар өздерінің жұмыстарын ойдағыдай жүргізе алмады.

Бұған себептер: индустриалдық аймақтың жұмысын заңдылық негізде басқарудың әлі қалыптаспағаны, нақты инвесторлар келісім шартқа отыруға дайын болмауы. Нақтылап айтқанда, инвесторлардың Қазақстан ресурстарына кіру мәселесі, оның ашықтығы, айқындығы белгісіз болуы, және т.б. ұйымдастыру мәселелері.

Заңдылық жетіспеушіліктер тек қана 2019 ж. 03 сәуірде шешілді. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтің «Арнайы экономикалық және индустриалды аймақтар» туралы заңы шығуына байланысты жойылды [8]. Заң шығуымен жоғарыда көрсетілген кемшіліктер жойылып, басқа көптеген сұрақтарға соңғы нүкте қойылды. Атап айтқанда, индустриалды аймақтарды қаржыландыру, жергілікті атқару органдары жұмысы және аймақтың жұмысын талдап, мониторинг жүргізуші үйлестіруші (координационный) орталық арасындағы қатынас мәселелері туралы.

Индустриалды аймақтың басты мақсаты - тура шетел инвестициясын тарту арқылы экспортқа бағытталған жергілікті өндірісті дамыту, инвесторларға отандық кәсіпорындармен бірлесіп импорт алмастырушы, бәсекелестікке жоғары өнімдер шығару.

Индустриалды аймақта АҚ «Агромашхолдинг kz» (Қостанай қ.) және АҚ «Петербург трактор зауыты» (С-Петербург қ.) Қостанайда «Кировец» тракторын құрастыру туралы 2019 ж. сәурдің 19-да келісімге қол қойылды.

Қазіргі уақытта (2022 ж.) аймақта екі машина жасау зауыты істеп тұр және үшінші зауыттың жобасы жүзеге асырылуда. Индустриалды аймақтағы нысандарды іске қосу жұмыстары үш сатыға бөлінген. Қазір бірінші кезеңдегі нысандар іске қосылуда, ауданы 120 га. Бірінші болып «Беларус» маркалы трактор зауыты компания-холдинг «Композит Групп Казахстан» іске қосылды. Зауыт 2018 ж. ашылды, ол қазір қарқынды дамып келеді. Трактордың құрастырушы бөлшектері (компоненттері) Минск трактор зауытынан жеткізіледі. Қазір бөлшектерді (компоненттерді) Қостанайда (зауытта) шығаруға келіссөздер жүргізілуде, трактордың кабинасы жасалып шығарылды, локализация үрдісі жүргізілуде.

Индустриалды аймақта ЖШС «KamLitKZ» (Қостанай қ.) тағы екі жобасы жүзеге асырылуда. Шойын құю және жүк көлігіндегі жетекші мостың (ведущий мост) басшы берілісін құю зауыты.

Бұл Қостанайдағы және барлық ТМД елдеріндегі жетекші мостың басшы беріліс қорабын жасаудың жаңа технологиясы, өйткені жетекші мосты жинастыру үрдісі бірнеше рет қысқарады және оңтайландырады. Аталған бөлшекті құйып жасау жалпы бөлшектің салмағын жеңілдетеді және оның беріктігін жоғарылатады. Бұл технология өндірістің локализациялық деңгейін 70% дейін жоғарылатады.

Болашақ шойын құю зауытының қуаты жылына 40 мың тонна құйма өнімдері (цилиндр блоктары, блок бастары, жүк машиналарының құйма мостарының картерлері) және 86 мың басшы беріліс қорабын жетекші мостарының редукторлары. Аталған екі зауытқа инвестиция көлемі – 150 млрд.тенге. Құрылыс 2023 ж. аяқталуға тиіс. Жоба Ресейдің ПАҚ «КамАЗ» компаниясымен бірігіп жүзеге асырылуда. ПАҚ «КамАЗ» компаниясымен іске асырылатын жобалар экспортқа бағытталған, шығарылатын өнім негізінен Ресейге атқарылады.

Сонымен қатар, Ресейдің «Луидор» (Нижний - Новгород қ.) компаниясы және Қазақстанның ЖШС «Технопарк» КЗ (Рудный қ.) бірігіп коммерциялық автомобильдер, кузовтар, автомобиль қондырғыларын шығаруға кірісті.

Индустриалдық аймақта іске «Auto Recycling», хаб (авто утилизация) «Жасыл Даму» компаниясының жобасы - ауылшаруашылық техникаларын (комбайындар, тракторлар, т.б. техникалар) утильге тапсырып, болашақ шойын құю зауытына шикізат береді. Қазақстанда «Жасыл Даму» компаниясының бөлімдері тек қана Қостанай және Қарағанды қалаларында бар. Индустриалды аймақтағы «Auto Recycling», Қазақстандағы пайдаланудан шыққан ауылшаруашылық техникаларын утильге жинастырып, құрылыстағы екі зауытты шикізатпен қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Сонымен, Қостанайда құрылған «Индустриалды аймақ» инженерлік және көлік инфраструктурасы дайын, машина жасау саласының инвестиция алаңына айналдырды. Шет елдегі бас компания өзінің еншілес компаниясын ашып, қызметін нөлден бастап, машина жасау саласын әртараптандырып, екі мемлекеттің де жобаға қатысушыларына кәсіпкерлік мүмкіндіктері орындалуына жол ашты.

Қосымша айта кету керек, индустриалды аймақ құру арқылы Қазақстанның машина жасау өндірісін дамыту мүмкіншілігі толық ашылмаған, ұзақ мерзімге созылған стратегиялық даму жоспары белгісіз. Инвестициялық жобалардың мерзім ішіндегі қызметтері айқындалмаған. Сонымен қатар, индустриалды аймақты білікті жұмыскерлермен, инженер – техникалық мамандарымен қамтамасыз ету мәселелері, әсіресе жергілікті университет, колледж студенттері аймақтың жұмысына тартылмаған. Жалпы тәжірибе көрсеткендей, индустриалды аймақты құруда және басқаруда құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ететін біркелкі қабылданған заңдар негізіндегі қосымша құжаттар (заңдылық актілер) қажет екенін көрсетеді.

Әдебиет:

1. Машиностроение в Казахстане – итоги индустриализации за 10 лет [Электронный ресурс].- Информационный портал «Капитал центр деловой информации»: [сайт]. [2020] URL: <https://kapital.kz/economic/86266/mashinostroyeniye-v-kazakhstane-itogi-industrializatsii-za-10-let.html> (дата обращения: 12.09.2022).
2. Комплексный план развития машиностроения Республики [Электронный ресурс]. - СМК Союз машиностроителей Казахстана [сайт]. [2018] URL: <https://smkz.kz/img/komplex-plan-2018.docx> (дата обращения: 12.09.2022).
3. Автомобильная промышленность Казахстана в цифрах. Итоги отрасли за 2020 год [Электронный ресурс]. - Информационный портал «Капитал центр деловой информации»: [сайт]. [2021] URL.

<https://kapital.kz/economic/92602/avtomobil-naya-promyshlennost-kazakhstana-v-tsifrah.html> (дата обращения: 12.09.2022).

4. Машиностроение Казахстана [Электронный ресурс]. - СМК Союз машиностроителей Казахстана [сайт]. [2021] URL: <https://smkz.kz/mashinostroenie-kazakhstana/> (дата обращения: 12.09.2022).

5. Два новых завода запустят в Костанайской индустриальной зоне в 2023-2024 годы [Электронный ресурс]. - Международное Информационное Агентство «Kazinform»: [сайт]. [2022] URL: https://www.inform.kz/ru/dva-novyh-zavoda-zapustyat-v-kostanayskoy-industrial-noy-zone-v-2023-2024-gody_a392039 (дата обращения: 12.09.2022).

6. В Казахстане порядка 700 инвестпроектов будут направлены на замещение импорта и на экспорт готовой продукции – МИИР РК [Электронный ресурс]. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. [2022] URL <https://primeminister.kz/ru/news/v-kazahstane-poryadka-700-investproektov> (дата обращения: 12.09.2022).

7. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан [Электронный ресурс]. - Информационный портал «Капитал центр деловой информации»: [сайт]. [2020] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000511> (дата обращения: 12.09.2022).

8. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI ҚРЗ [Электронный ресурс]. - Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет»: [сайт]. [2019] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (дата обращения: 12.09.2022).

References:

1. Mashinostroenie v Kazahstane – itogi industrializatsii za 10 let [Elektronnyj resurs]. - Informacionnyj portal «Kapital centr delovoj informacii»: [sajt]. [2020] URL: <https://kapital.kz/economic/86266/mashinostroyeniye-v-kazahstane-itogi-industrializatsii-za-10-let.html> (data obrashcheniya: 12.09.2022).

2. Kompleksnyj plan razvitiya mashinostroyeniya Respubliki [Elektronnyj resurs]. - СМК Soyuz mashinostroyitelej Kazahstana [sajt]. [2018] URL: <https://smkz.kz/img/komplex-plan-2018.docx> (data obrashcheniya: 12.09.2022).

3. Avtomobil'naya promyshlennost' Kazahstana v cifrah. Itogi otrasli za 2020 god [Elektronnyj resurs]. - Informacionnyj portal «Kapital centr delovoj informacii»: [sajt]. [2021] URL: <https://kapital.kz/economic/92602/avtomobil-naya-promyshlennost-kazakhstana-v-tsifrah.html> (data obrashcheniya: 12.09.2022).

4. Mashinostroenie Kazahstana [Elektronnyj resurs]. - СМК Soyuz mashinostroyitelej Kazahstana [sajt]. [2021] URL: <https://smkz.kz/mashinostroenie-kazakhstana/> (data obrashcheniya: 12.09.2022).

5. Dva novyh zavoda zapustyat v Kostanajskoj industrial'noj zone v 2023-2024 gody [Elektronnyj resurs]. - Mezhdunarodnoe Informacionnoe Agenstvo «Kazinform»: [sajt]. [2022] URL: https://www.inform.kz/ru/dva-novyh-zavoda-zapustyat-v-kostanayskoy-industrial-noy-zone-v-2023-2024-gody_a392039 (data obrashcheniya: 12.09.2022).

6. V Kazahstane poryadka 700 investproektov budut napravleny na zameshchenie importa i na eksport gotovoj produkci – MIIR RK [Elektronnyj resurs]. - Qazaqstan Respýblıkasy Premer-Ministriniń resmi aqparat resýrstary. [2022] URL <https://primeminister.kz/ru/news/v-kazahstane-poryadka-700-investproektov> (data obrashcheniya: 12.09.2022).

7. Informacionno-pravovaya sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan [Elektronnyj resurs]. - Informacionnyj portal «Kapital centr delovoj informacii»: [sajt]. [2020] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000511> (data obrashcheniya: 12.09.2022).

8. Arnaily ekonomikalıyq jáne indýstriyalıyq aimaqtar turaly. Qazaqstan Respýblıkasynyń Zańy 2019 zhyly 3 sauirdegi № 242-VI KRZ [Elektronnyj resurs]. - Informacionno-pravovaya sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan «Adilet»: [sajt]. [2019] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (data obrashcheniya: 12.09.2022).